

**«Зере» балабақшасының
№1 Әдістемелік отырыстың
Хаттамасы**

Күні 28.08.2023 жыл

Қатысқандар: Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту
Әдіскер: Сәрсенғали Ш.
2. Педагогтардың оқу жылына дайындығы
Меңгеруші: Баймурзина Б.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Әдіскер Сәрсенғали Ш. сөз сөйледі. 2023–2024 оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстырды. Жоспарда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік-эмоционалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралар қамтылғанын атап өтті. Сонымен қатар, оқу қызметтерін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері, ойын арқылы оқыту, баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, инклюзивті білім беру элементтерін енгізу қажеттілігі айтылды. Әдіскер педагогтарға перспективалық жоспар, циклограмма және күн тәртібін дұрыс құру бойынша әдістемелік ұсыныстар берді.

2-мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Баймурзина Б. және әдіскер Сәрсенғали Ш. педагогтардың оқу жылына дайындығы туралы ақпарат берді. Топтардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі, оқу құралдары мен дидактикалық материалдардың жеткіліктілігі қарастырылды. Педагогтардың құжаттамаларының дайындық деңгейі тексерілгені, кейбір топтарда көрнекіліктерді толықтыру қажет екені атап өтілді.

Шешімі:

1. Жылдық жоспар бекітілсін.
2. Педагогтар оқу жылына толық дайындықты қамтамасыз етсін.

Жиналыс төрайымы: Сәрсенғали Ш.

Хатшы: Ергалиева А.

**«Зере» балабақшасының
№2 Әдістемелік отырыстың
хаттамасы**

Күні: 18.10.2023 жыл

Қатысқаны: Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі білім беру педагогтерін жаңа үрдісте дамыту жолдары.

Әдіскер м.а.: Қасқырбаева С.

2. Педагогтар дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша тәжірибелерімен бөлісті.

Тәрбиешілер: Ергалиева А., Иржанова Т., Мукашева А.

Балабақша әдіскері м.а. Қасқырбаева С. мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтерді жаңа үрдісте дамыту жолдары туралы мағлұмат беріп өтті. «Ұстаз қандай болса қоғамы сондай» деген бұлжымас заңдылық қай қоғамда да көкейкесті. Сондықтан да бүгінгі күннің өзекті мәселесі - педагогтардың құзіреттілігін үздіксіз жаңа үрдісте дамыту. Қазіргі таңда тәрбиешінің құзіреттілігін үздіксіз жетілдіруде мынандай міндеттер жүктеліп отыр.

1. Мамандығы бойынша негізгі дайындығы болуы.
2. Адамдардың адамға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларын білуі
3. Қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып жаңа білім алуы
4. Компьютерлік техниканы меңгеруі

Педагогтың кәсіби мәдениеті төмендегідей сипатталады. I.Кәсіби қасиеті:

- ұйымдастыру қабілеті ;
- білімнің тереңдігі;
- ғылыми білімі;
- дарындылығы;
- шығармашылығы;

-интеллектуалдық қасиеттері.

II. Моральдық-этикалық

- қарапайымдылығы.
- -ақиқатқа құштарлығы;
- мейірімділігі;
- -адамгершілігі.

III. Психологиялық даярлығы:

- сыртқы келбеті;
- сөйлеу мәдениеті;
- киім киісі;
- әдептілігі.

Осы жоғарыда айтылғанның бәрі басқару қызметіне стратегиялық және инновациялық ойы дамыған, басқару мәселелерін шешуге қабілеті жеткілікті, жаңа технологияларды игерген, команда құрамында жұмыс істей алатын, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайтын, қарым-қатынас мәдениеті жоғары, бір сөзбен айтқанда кәсіби құзіретті ұстаздың қалыптасуын үздіксіз дамытуды қажет етеді деді.

2-мәселе бойынша:

Педагогтар дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

Тәрбиеші Ергалиева А. өз сөзінде топта дамытушы ортаны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды. Ол оқу қызметі мен еркін ойын әрекеттерін тиімді үйлестіру мақсатында топ ішінде әртүрлі белсенділік орталықтарын (оқу, ойын, шығармашылық, құрастыру) жүйелі түрде орналастырып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар, балалардың өз бетінше таңдау жасауына мүмкіндік беру олардың дербестігін арттыратынын айтты.

Тәрбиеші Иржанова Т. дамытушы ортаны байытуда көрнекілік материалдардың рөліне ерекше назар аударды. Ол топта дидактикалық ойындар, сенсорлық материалдар, логикалық тапсырмалар арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру жолдарын көрсетті. Сондай-ақ, оқу бұрыштарын тақырыпқа сай безендіру арқылы балалардың қызығушылығын оятуға болатынын атап өтті.

Тәрбиеші Мукашева А. шығармашылық ортаны ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісті. Ол балалардың қиялын дамыту үшін сурет салу, жапсыру, мүсіндеу материалдарының үнемі қолжетімді болуын қамтамасыз ететінін айтты. Сонымен қатар, табиғи және қалдық материалдарды пайдалану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінетінін жеткізді.

Педагогтар өзара тәжірибе алмасу барысында дамытушы ортаны жүйелі түрде жаңартып отыру, балалардың қызығушылықтарына қарай өзгерістер енгізу қажеттігін атап өтті.

Шешімі:

1. Балабақша педагогтеріне өздерін үнемі жетілдіріп отыру, үздіксіз даму керектігі ұсынылды.
2. Тәрбиешілер Ергалиева А., Иржанова Т., Мукашева А. тәжірибелері оң деп бағалансын және басқа педагогтарға тарату ұсынылсын.
3. Барлық топтарда дамытушы ортаны балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Дамытушы ортаны толықтыру мақсатында дидактикалық, сенсорлық және шығармашылық материалдар қоры жаңартылып отырсын.

Жиналыс төрайымы: Қасқырбаева С.

Хатшы: Мукашева А.

№3 Әдістемелік отырыстың хаттамасы

Күні: 15.01.2024 жыл

Қатысқаны: Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы І-ші жарты жылдық қорытындысы
Әдіскер: Қасқырбаева С.
2. Қысқы кезеңдегі оқу-тәрбие жұмыстары
Назарова С.
3. Педагогтарды аттестаттау.
Әдіскер: Қасқырбаева С.

1-мәселе бойынша: Әдіскер Қасқырбаева С. 2023-2024 оқу жылындағы І-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша есеп беріп өтті. Жарты жылда балабақшада өткізілген іс-шаралардың барлығы жоғары деңгейде өткендігін, ата-аналармен атқарылған жұмыстардың және педагогтермен ұйымдастырылған әрекеттердің барлығы жоғары деңгейде өткізіліп отырғандығын айтты. Сонымен қатар білім деңгейінің аралық диагностикасының қорытынды есебіне тоқталды. Барлық топтарда қыркүйек айының бастапқы мониторингіне қарағанда балалардың деңгейінің жоғарылағандығын айтты.

2-мәселе бойынша: Қысқы кезеңдегі оқу-тәрбие жұмыстары талқыланды. Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздік шараларын күшейту, серуенді дұрыс ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Педагогтарға ауа райына сәйкес жұмыс жүргізу, балалардың киіну тәртібін бақылау және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Педагогтарды аттестаттау мәселесі бойынша: Әдіскер м.а. сөз сөйледі. Ол мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогтарды аттестаттаудың маңыздылығына тоқталды. Аттестаттау педагогтардың кәсіби деңгейін анықтау, олардың біліктілігін арттыру және білім беру сапасын жақсарту мақсатында жүргізілетіні атап өтілді.

Әдіскер аттестаттаудан өту тәртібімен таныстырды. Педагогтардың білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби жетістіктері, портфолиосы және оқу-тәрбие процесіндегі нәтижелері бағаланатыны түсіндірілді.

Сонымен қатар, аттестаттау барысында педагогтардың келесі құзыреттіліктеріне ерекше назар аударылатыны айтылды:

- кәсіби білім деңгейі;
- әдістемелік шеберлігі;
- инновациялық технологияларды қолдануы;
- балалармен және ата-аналармен тиімді жұмыс жасауы.

Әдіскер педагогтарға аттестаттауға сапалы дайындалу үшін құжаттарды дұрыс рәсімдеу, портфолионы толықтыру, ашық оқу қызметтерін өткізу және өз тәжірибесін жүйелеу бойынша нақты ұсыныстар берді.

Сондай-ақ, аттестаттауға өтетін педагогтардың мерзімдері нақтыланып, оларға әдістемелік көмек көрсетілетіні хабарланды.

Шешімі:

1-мәселе бойынша:

1. І жарты жылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін.

2-мәселе бойынша:

1. Қысқы кезеңдегі оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
2. Қауіпсіздік шаралары күшейтілсін.

3-мәселе бойынша:

1. Педагогтарды аттестаттауға дайындық қамтамасыз етілсін.
2. Құжаттар уақытылы тапсырылсын

Жиналыс төрайымы: Қасқырбаева С.

Хатшы: Назарова С.

**№4 Әдістемелік отырыстың
хаттамасы**

Күні: 17.04.2024 жыл

Қатысқаны: Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер

Күн тәртібі:

1. Оқу жылының қорытындысы
Әдіскер м.а. Қасқырбаева С.
2. Педагогтардың кәсіби даму деңгейі
Әдіскер м.а. Қасқырбаева С.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер оқу жылының қорытындысы бойынша талдау жасады. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері қарастырылып, негізгі көрсеткіштердің оң динамикасы байқалғаны айтылды.

Тіл дамыту, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттер бойынша жетістіктер атап өтілді. Сонымен қатар, кейбір бағыттар бойынша қосымша жұмыс жүргізу қажеттілігі көрсетілді.

2-мәселе бойынша:

Педагогтардың кәсіби даму деңгейі талқыланды. Жыл бойы өткізілген ашық оқу қызметтері, семинарлар, біліктілік арттыру курстарының нәтижелері сараланды.

Әдіскер педагогтардың өз тәжірибесін жетілдіру, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізгенін атап өтті.

Шешімі:

1. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Келесі оқу жылына ұсыныстар енгізілсін.

Жиналыс төрайымы: Қасқырбаева С.